

## ҰЙЫМДАР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Түркістан қаласы

«02» Ақпан 2022 жыл

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Төлімбет Бакытжан Нұрмаханбетұлы арқылы, бір жағынан және Павлодар облысы білім беру басқармасының Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының директоры Аушахманова Бакытгуль Тулегеновна арқылы екінші жағынан, бұдан әрі бірге «Тараптар» деп атала отырып, осы Ынтымақтастық туралы меморандумды (бұдан әрі Меморандум) жасады.

Қазақстанның білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату қызметінде Тараптардың кәсіби және әдістемелік әлеуетін барынша толық әрі ұтымды пайдалану, тәжірибемен және ақпаратпен алмасудың Тараптар үшін үлкен маңызға ие екенін назарға ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

### 1.МЕМОРАНДУМНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

1.1.Тараптар осы Меморандумның және ҚР заңнамасының, қағидалардың, нормалардың шарттарына сәйкес ақпарат алмасу, Түркістан және Павлодар облыстары педагогтерінің кәсіби шеберлігі мен шығармашылығын арттыруға, білім беру ұйымдарында өтілетін іс-шараларға жаңа серпін беруге жағдай жасау мақсатында күш біріктіріп, ынтымақтастық құрады.

1.2.Меморандумның мақсаты - Тараптардың өзара келісімі арқылы өзара әріптестік және серіктестік қарым-қатынастарды дамыту арқылы білім беру саласындағы инновациялық жобаларды жүзеге асыруда ынтымақтастықты нығайту.

### 2.ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАРЫ

2.1.Осы Меморандумға қол қою арқылы Тараптар мынадай әрекеттерді жасауға әзірлігін білдіреді:

1)Республика көлемінде жүзеге асырылып отырған инновациялық жобалар аясында өзара қолдауды іске асырады;

2)Тараптар үшін өзара пайдалы болып табылатын бағдарламалар бойынша кәсіби байланыс орнатады;

3)Білім берудің заманауи технологиялары мен жаңалықтары туралы ақпарат алмасады;

4)Білім берудің жоғары сапасына қол жеткізу бойынша табысты педагогикалық тәжірибелермен алмасу мақсатында бірлескен кәсіби бірлестіктерді және/немесе желілік қауымдастықтарды құрады;

5)Өзара бірлескен зерттеулерді, бағдарламалар мен жобаларды жүзеге

асырады;

6)Өзара (келісім бойынша) ақпаратпен, құжаттармен, әдебиетпен және библиографиялық басылымдармен алмасады және өзара кеңестер (консультациялар) береді;

7)Бірлескен (келісім бойынша) ғылыми, оқу, ақпараттық, аналитикалық басылымдарды (монографиялар, оқулықтар, құралдар, баяндамалар, мақалалар) дайындайды;

8)Бірлескен әдістемелік форумдар, конференциялар, семинарлар, кеңестер, дөңгелек үстелдер және басқа да өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді;

9)Тараптар қызметкерлерінің тәжірибе алмасуын, кездесуін және тағылымдамадан өтуін келіседі;

10)Өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатында Тараптар 6 білім беру ұйымын тәжірибе алаңы ретінде ұсынады.

### 3.БІРЛЕСКЕН ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗУ

3.1.Тараптар (келісім бойынша) меморандум аясында бірлескен іс-шараларды төмендегі бағыттар аясында өткізеді:

1)ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын білім беру ұйымдарында іске асыру;

2)ҚР БЖҒМ 2019 ж 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» бойынша білім беру ұйымдарында тәрбие үдерісін ұйымдастырудың заманауи амалдары;

3)Мектеп басқарудағы өзара тиімді тәжірибе, басқару сапасын жетілдіру жолдары;

4)Үздік білім беру ұйымдарының, педагогтерінің озық педагогикалық тәжірибесін Тараптардың кадр тапшылығы бар, білім сапасы төмен білім беру ұйымдарына тарату;

5)Инклюзивті білім беруді дамыту бойынша үздік тәжірибелермен алмасу;

6)Білім мазмұнын жаңарту жағдайында мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісі сапасын арттыру;

7)Ауылдық, шағын жинақты мектептерді дамыту, білім сапасындағы алшақтықты жою бойынша өзекті мәселелерді шешуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру;

8)Педагогтердің кәсіби шеберлігін тілдік дағды мен коммуникативтік құзыреттілік әдістемесі негізінде жетілдіру;

9)Педагогтердің цифрлық сауаттылығын дамытудың заманауи трендтері;

10)Мектеп оқушыларын халықаралық салыстырмалық зерттеулерге дайындау және т.б.

#### **4.ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

4.1.Тараптар осы Меморандумды орындау жөніндегі өзара іс-қимылдарды үйлестіру үшін Тараптардың өкілдері арасынан жұмысшы топ құра алады.

4.2.Ынтымақтастықтың (жұмыстардың, жобалардың) жекелеген бағыттарын іске асыру үшін Тараптардың белгіленген тәртіппен жекелеген шарттар (келісімдер) жасасуға мүмкіндігі бар.

4.3.Тараптар осы Меморандумның орындалуын және қажет болған жағдайда оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талқылау үшін жылына кем дегенде бір рет Тараптардың өкілдерінің кездесулерін өткізуге келісті.

#### **5.ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

5.1.Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі екінші Тарапқа Меморандумның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жібергенге дейін қолданылады. Мұндай жағдайда, Меморандумның қолданысы Тараптардың бірінің тиісті жазбаша хабарлама жіберген күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен күннен бастап тоқтатылды деп есептелінетін болады.

#### **6.ҮШІНШІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚАТЫСУЫ**

6.1.Әрбір Тарап екінші Тараптың келісімі бойынша осы Меморандум шеңберінде жүзеге асырылатын бірлескен жобаларға немесе бағдарламаларға үшінші Тараптың қатысуын ұсына алады. Осындай бірлескен жобалар мен бағдарламаларды өткізу кезінде қатысушылар үшінші Тараптың осы Меморандумның ережелеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

#### **7.ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ**

7.1.Әрбір Тарап осы Меморандум немесе осы Меморандумға сәйкес қабылданған кез келген басқа келісімдерді іске асыру кезеңінде басқа Тараптан алынған немесе ұсынылған құжаттардың, ақпараттардың және өзге де деректердің таратылмауын және құпиялылығын сақтайды.

7.2.Екі Тарап осы баптың ережелері осы Меморандум қолданысының тоқтатылуына қарамастан, екі Тарап арасында өзінің қолданысын жалғастырады деп келіседі.

Тараптардың заңды мекен-жайлары мен деректемелері:

Осыны куәландыру үшін уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Меморандумға қол қойды.

Павлодар қаласы  
Мира көшесі 22А ғимараты

  
[pa@adisnama.edu.kz](mailto:pa@adisnama.edu.kz)  
Call центр: 87182650060  
Басшы: Г.Аушахманова

Түркістан қаласы  
Жаңа қала ш/а 16 ғимарат  
(Департаменттер үйі)

[reception@adisnama.edu.kz](mailto:reception@adisnama.edu.kz)  
Call центр: 87082856244  
Директор: Б.Н.Төлімбет

